

Диагностикалық орталыққа қош келдіңіздер!

Өз денсаулығыңыз туралы ойланып, Сіз дұрыс қадам жасадыңыз.

Орталықтың мақсаты – денсаулықты тіпті кей жағдайларда адам өмірін де сақтау, сырқатты бастапқы сатысында анықтау.

Бұл мәселелерді шешу үшін жоғарғы деңгейлі қауіпсіз қазіргі заманғы құралдар қажет. Біздің Орталықта орнатылған құралдар осы талаптарға сай келеді.

Сапалы диагностика сырқатты бастапқы сатысында анықтап, Сіздің денсаулығыңызды сақтауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық орталықта алыс және жақын шетелдер мен Қазақстанның үздік клиникаларында мамандықтарын жетілдірген тәжірибелі білікті мамандар жұмыс істейді.

Диагностикалық үрдісті ұйымдастыру бөлімшесінде:

- Терапевт
 - Гастроэнтеролог
 - Невропатолог
 - Педиатр-иммунолог
 - Эндокринолог
- Уролог
Гинеколог
Аллерголог
- мамандар қабылдайды.



УДЗ бөлімшесі.

Ультрадыбыстық диагностика бөлімшесі өз жұмысына сандық әмбебап ультрадыбыстық жүйедегі эксперттік класты жоғары жиіліктегі, үздік сапалы бейнеберетін жоғары дәлдікті диагностикалық ақпарат алуға мүмкіндік беретін Sono Ace -8000 Live, Accuvix V20, Philips HD -11XE, аппараттарын пайдаланады.

Бөлімшеде:

- Құрсақ қуысы мен құрсақтан арғы кеңістіктегі ағзаларды ультра дыбыстық диагностикалайды
- Әйелдер мен ерлердің кіші жамбас ағзаларын ультра дыбыстық диагностикалайды
- 2D және 3D форматта ұрықты ультра дыбыстық диагностикалайды
- Сүт, қалқанша, сілекей бездерін, лимфа түйіндері мен жұмсақ ткандерді ультра дыбыстық диагностикалайды
- Нейросонография
- балалардың ұршық буындарын ультра дыбыстық диагностикалайды



Функционалдық диагностика бөлімшесі.

Бөлімше ең жаңа ультрадыбыстық диагностикалық жүйемен жабдықталған. Бөлімшеде жүрек-қан тамырлары жүйкесін, тыныс жүйесін, жүйке жүйесін диагностикадан өткізуге болады.

Бөлімшеде жүрек-қан тамырлары жүйесін диагностикалау үшін

- Эхокардиография, Электрокардиография,
- Велоэргометрия жасалынады

Аяқ -қол тамырлары ауруымен сырқаттанғандар:

- Брахиоцефальды діңгек тамырларына доплерография
- Аяқ тамырларына сегментальді манометрия
- Реовазография жасалады.

Бас сүйегі мидан зақым алған науқастар мен мидың перинаталды зақымдануы және т.б.жүйке жүйесінің сырқаты барлар:

- Электроэнцефалография, Реоэнцефалография өтеді

Өкпенің созылмалы обструктивті ауруларымен бронхиалды демікпемен ауратын науқастар:

- Спирография өтеді.



Сәулелі диагностика бөлімшесі (Компьютерлік томография кабинеті, рентген кабинеті)

Компьютерлік томография кабинеті қазіргі заманғы бір қабатты «SIEMENS -EMOTION» фирмасының компьютерлі томографымен жабдықталған

Компьютерлік томография рентген зерттеудің бір тәсілі болып табылады. Бұл тәсіл тканің шектеулі көлденең қабатының бейнесін береді.

- Кәдуілгі рентген диагностикасында мүмкін емес көлденең жазықтықтағы бейне бұл тәсіл бойынша тиімді болады, өйткені ол ағзалар арақатынасы туралы дәл мағлұмат береді.

Сәулелі диагностика бөлімшесінде

- Ми мен бас сүйегін КТ диагностикалау
- Мұрынның қосалқы қуыстарын КТ диагностикалау
- Көкірек қуысы ағзаларын КТ диагностикалау
- Құрсақ қуысын КТ диагностикалау
- Омыртқа аралық дисктерді КТ диагностикалау
- Буындар мен сүйектерді КТ диагностикалау

Рентген кабинеті қашықтан басқарылатын әмбебап рентген диагностикалық кешенімен жабдықталған.

Рентген кабинетінде:

- Сүйек буын жүйесіне рентген зерттеу
- Асқазан ішек жолдарын рентген зерттеу және ирригоскопия
- Тыныс, несеп жыныстық жүйелері ағзаларын рентген зерттеу
- Көктамыр ішілік урография жасалады.



Эндоскопия бөлімшесі:

- Эндоскопия бөлімшесі қазіргі заманғы эндоскоптар мен бейнеэндоскоптар өндірісінде әлемдік көшбасшы болып табылатын Жапонияның «Olympus» және «Pentax» фирмаларының аппараттарымен жабдықталған. Бейне эндоскоптардың артықшылықтары мен ерекшеліктері шырышты қабаттың құрылысы мен түстерін айрықша беруі шамадан аздаған ауытқуларды айқын көрсетуі.
- Эндоскопиялық зерттеу дегеніміз қазіргі заманғы жоғары ақпаратты аз инвазиялық тексеру мен емдеу тәсілі.
- Бөлімшеде:
- Эзафагогастродуоденоскопия (өңешті, асқазанды және ұлтабарды зерттеу)
- Колоновидеоскопия (тік ішекті зерттеу)
- Бронхоскопия (кеңірдек пен бронхтарды зерттеу сонымен бірге емдеу)



Клиникалық диагностикалық зертхана:

- Біздің қаралушылардың денсаулық жағдайларын жылдам да дәл бақылауды клиника- диагностикалық зертхана жүзеге асырыды. Жаңа заманға сай құрал жабдықтармен жабдықталған клиника-диагностикалық зертхана қаралушыларға бір ғана емдеу мекемесі ішінде толық зертханалық тексеруден өтіп шығуға, дәрігерлерге қаралушының бүгінгі күнгі денсаулық жағдайы туралы толық ақпарат алуларына мүмкіндік береді. Зертханада вакутейнерлерді қолдану арқылы зерттелетін биологиялық сұйық көлемін азайтатын есіркеушілік тәсілі қолданылады.
- Біздің орталықтың зертханасында мындай клиника-диагностикалық зерттеулер жасалады:
 - Гематологиялық, Жалпыклиникалық
 - Иммунологиялық, Гормональдық
 - Бактериялық, Генетикалық
 - «В» және «С» вирустық гепатиттерінің маркерлерін анықтау
 - Онкомаркерлерді анықтау
 - ПЖР тәсілі мен жұқпалы аурулар қоздырғыштарын диагностикалау
 - Цитогенетикалық зертхана қазіргі заманғы микроскоптармен және қосымша бағдарламамен қамтылған құрал жабдықтармен жабдықталған. Зертханада автоматты кариотиптеу молекулярлық - цитогенетикалық Флуоресцентті гибридтеу in situ(FISH) тәсілі енгізілді. Сонымен қатар хромосомдық ауытқуларды анықтауда ұзындығы бойынша боялған хромосомдарды дифференциялық талдауға негізделген классикалық цитогенетиканың стандартты талдау тәсілі де табысты қолданылады.